

"Банктер мен және банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық қызметі органдарымен өзара қарым-қатынасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 598 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 13 қаңтардағы № 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 2 ақпанда № 6765 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі № 365 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 25.07.2013 № 365 бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Банктердің және банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салық қызметі органдарымен өзара қарым-қатынасының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 598 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5439 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 13 (1436) жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

барлық мәтін бойынша «сыйақы ретінде танылуын», «тануды» деген сөздерден кейін «мұндай сыйақыны есептеуді тоқтата тұру жолымен» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев

« К Е Л І С І Л Д І »

**Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к Т ө р а ғ а с ы**

2010 жыл 12 қаңтар

